

Сбербанк кредиттеу бизнес-үдерістерінде алаяқтықтың алдын алу технологиясын - «Hunter» АЖ енгізді

Experian компаниясының Hunter жүйесі – алаяқтық сызбаларды пайдаланатын әлеуетті заемшылардың кредиттік өтінімдерін тез арада анықтауға, сонымен қатар жаңа сызбалардың пайда болуына уақытылы қарсы әрекет жасауға мүмкіндік береді.

Hunter жүйесі әлеуетті клиенттің банкте кредит алуға өтініш толтырған кезеңінде-ақ алаяқтық операциялар тәуекелін анықтауға көзделген. Ол банк қызметкерлеріне клиенттің кредит алуға өтінішінде «күмәнді» толтырған тармақтарын көрсетеді және өнегелі азаматтың берген өтінімінің мақұлдау үдерісін барынша жеделдетеді.

«Бөлшек кредиттеудің өсуі тәуекелдердің де болуын жоғарлататыны сөзсіз, осыған орай біз үшін кредиттік портфельді жоғары деңгейде сақтап қалу өте маңызды. Дәл сондықтан Hunter жүйесіне біз алаяқтық тәуекелдерді төмендету бойынша ортақ стратегияның бір бөлігі деп қараймыз. Ол банктің барлық филиалдары мен бөлімшелерінде жеке тұлғалардың барлық кредит түрлері бойынша өтінімдерін қараған кезде қолданылатын болады», - деп атап өтті «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы Александр Камалов.

«Hunter – алаяқтық белгілерін анықтау бойынша тұрақты және сыннан өткен шешім. Оны ТМД елдерінде көп банктер қолданып жатыр, сондай-ақ Еуропада да тиімді қолданудың үлгілері бар. Қазақстандағы Сбербанк зиянды болдырмау үшін дәл осы шешімді қабылдағаны бізді қуантады, өйткені бұл жүйе өзінің қолайлығының арқасында әрдайым өзгеріп тұратын алаяқтық тәсілдеріне болашақта қарсы тұруға және сонымен инвестициялардың осы өнімге қайтарылуының жоғарғы көрсеткішін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», - деп мәлімдеді Ресей және ТМД-дағы Experian өкілдігінің басшысы Сергей Горашенко.

Анықтама:

«Сбербанк» АҚ ЕБ – Сбербанктің халықаралық тобына кіреді. Қазақстанның қаржы нарығында 7 жыл табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4 орынға ие болды. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 105 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 15-і - филиал. Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

Experian – 80-нен аса елдерде клиенттер үшін көп көлемдегі мәліметтер мен аналитиканы басқару үшін инновациялық құралдарды ұсынатын ақпараттық қызметтер нарығының жаһанды көшбасшысы. Experian кредиттік тәуекелдері басқару, алаяқтық операцияларды болдырмау, маркетинг және шешімдерді қабылдау үдерісін автоматтандыру саласында банктерге демей жасайды. Experian өкілдіктері дүниежүзінің 39 елінде ашылған.

Қосымша ақпарат алу үшін банктің баспасөз қызметіне хабарласуыңызға болады:

«Сбербанк» АҚ ЕБ

Екатерина Купреева

+7 (727) 266 35 68 (ішкі 502499)

Ұялы: +7 702 18 16 127

e-mail: vekaterina.kupreeva@sberbank.kz